

«№3 Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»кмм
«Қамқоршылық кеңес»мүшелерінің жылдық есебі.2021-2022 оқу жылы.

2021-2022 оқу жылында Қамқоршылық кеңес мүшелерінің төрайымы болып Ұ.Рустемова сайланып және мектеп директорының қамқоршылық кеңес мүшелері туралы ұсынысы толығымен мақұлданды. ЖББҚ тамақ ісуге 46 оқушы бекітіліп және өтініштері қанағаттандырылды. Оқушылардың көп балалы ,жартылай жетім,сәтсіз отбасынан шыққан оқушыларға қамқоршылық кеңесі тарапынан тиісті көмек тоқсан бойы беріліп отырады. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектебімізде жазғы мектепте лагер жұмысы жасады. Оған бірінші кезекте әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылар жұмылдырылып, арнайы жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар өтетін болды.Ондағы басты мақсат- оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.Мектеп лагерінде сабақ үлгерімі төмен оқушылар ойын форматындағы қосымша сабақтардан өтіп білімін шыңдап ,түрлі спорттық сайыстарға қатысатын болды.

Сонымен қатар оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру қызметі қала сыртындағы лагерлерге бару арқылы ұйымдастырылатын болады. 2021-2022 оқу жылында мектебіміздің «Қамқоршылық кеңес » мүшелерінің шешімімен 20 оқушы қала сыртындағы лагерьге барып демалды. Мектеп аумағын көгалдандыру және аббатандыру бойыша бірлескен акция ұйымдастырылды. Осыған орай мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ағымдағы жылдың 21 наурызында жаратылыстану бірлестігінің ұйымдастыруымен « Атадан мал қалғанша , тал қалсын» ... ағаш отырғызу іс-шарасы жүргізілді. Іс-шараға мектеп ұжымы , еріктілер, оқушылар, ауыл тұрғындары белсене ат салысты. Нәтижесінде мектеп ауласына 100 ағаш отырғызылды. Сонымен қатар, мектеп еріктілерімен бірге «Ауылымыз бен ауламызды таза ұстайық ағайын» аты мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Іс –шара барысында мектеп айналасына гүлдер мен ағаштар отығызылып, көгалдандыру жұмысы жүргізілді. Мектепке жол Республикалық акциясы аясында әлеуметтік мәртебеге ие оқушылар көмек көрсету және қайырымдылық көмектері ұйымдастырылып , Қамқоршылық кеңес мүшелері 46 оқушыға мектепке, киім кешек, мектеп формасы, сумка үйлестіріп берді. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету және дарынды балаларды зияткерлік , шығармашылық және спорт қызметінде қолдау жұмыстары атқарылды. Көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы оқушылары оқулықтармен қамтылып отырды.

Кеңес төрайымы:  Ұ.Рустемова

Хатшы:  А.Тоғысбай